

Қызылорда медицина колледжі
«Мейірбике ісі» қолданбалы бакалавриат

**Сесилия
Сандерс
«Хоспиистер
анасы»**

Қызылорда 2016 жыл



**Дейм Сесилия Сандерс
(1918 – 2005 жж)**


Дейм Сиселия 1918 жылы 22 маусымда Гертфордшерде дүниеге келген. Қазіргі замандағы хоспистік қозғалыс негіздерін қалаушы. Ол Рединада (1932-1937 жылдары), Оксфордтағы Қасиетті Анна колледжінде (1938-39 және 1944-45 жылдары) оқыған. “Найтенгейл” атындағы мейірбикелер дайындайтын мектепте мейірбикелік білім алған және Қасиетті Фома мектебінде 1951-1957 жылдары оқып, хирургия саласындағы дәрігер мамандығын алып шыққан .



Сиселия Сондерс 2 жыл бойы Оксфордта политология мен философияны оқиды. Бірақ 1940 жылы денсаулығына байланысты университетті тастап, мейірбикелер мектебіне келеді. Мейірбике мамандығын тәмамдап және әлеуметтік қызметкер мамандығы бойынша Оксфорд университетін бітіріп, Лондондағы Қасиетті Фома ауруханасына жұмысқа орналасты. Осы ауруханада ол қатерлі ісікке шалдыққан Польшалық босқын Давид Тасмамен танысады.




Ең бірінші танысулары аса сәтті бола қойған жоқ, себебі Давид ешкіммен сөйлескісі келмеді. Бірақ оның ауруы жайлы сөз айтыла бергенде, Давид кенеттен жібіп, олардың арасында тіл табысу пайда болып, кейінен жақсы достыққа ұласып кетті. Олар қатерлі ісікпен ауыратын пациенттерге қалай көмектесу, пациенттің қалған өмірін лайықты өткізуге жағдай жасау, өлім аузында жүрген пациенттердің өмірі қалай өзгертіндігі туралы көп сұхбаттасатын .



ST. JOSEPH'S HOSPICE, MARE STREET, HACKNEY E.8.

Дәрігер-әріптесінің ұсынысы бойынша 1951 жылы медициналық институтка түсіп, созылмалы аурулар емі жайында жүйелі зерттеулер жүргізеді. Ал, 1967 жылы Лондонда, қазіргі типтегі әлемдегі ең алғашқы хоспис, Қасиетті Христофор хосписін ұйымдастырып, басқарады. Давидтің соңғы арманы орындалды. Ол қатерлі ісікке шалдығып өлімге мойынсынған өзі секілді науқастар ем алатын Сисиелияның хосписінде “бір терезе” болып тұру арман болатын. Давид Тасманды еске алып жүру үшін Қасиетті Христофор хосписінің алдында үлкен, мөлдір, терезе секілді, әйнек орнатылған.



ST. JOSEPH'S HOSPICE, MARE STREET, HACKNEY E.8.

1967 жылы Дейм Сиселия Сондерс қасиетті Христофер хосписінің негізін қалады. Бұл хоспис ауруды емдеп және ауырсынуды басумен қатар, медицина қызметкерлерінен қолдау көрсетіліп, пациенттермен өмір мен өлім жайында ашық әңгімелесулер жүргізілген ең алғашқы хоспистің бірі болды .





Осы хосписте өзінің клиникалық тәжірибесіне, хоспистік көмек жайындағы идеяларына сүйене отырып Дейм Сесилия бастамасымен осы хоспистегі терминальды пациенттерге көмек көрсетілді. Сесилия Сондерс ең алғаш болып қатерлі ісікпен ауыратын пациенттерде ауырсыну кезінде ауырсынуды басатын дәрілерді пациент ауырсыну сезіміне шыдамаған кезде ғана емес, енгізуді арнайы бір уақыттарға негізделген схема бойынша жасады.




Сесилия Сондерс пациенттерге бостандықты қамтамасыз ету, өмірдің мәнін табу туралы хоспистің жаңа түрін құрды. Хоспистің негізі- әртүрлі ашық тәжірибелер салынды және жеке басына деген қамқорлық, ғылыми дәлелденген көзқарастар болды.

1967 жылы Сесилия Сондерс Лондондағы кедей ауданда қасиетті Христофер жаңа бірінші хосписті ашты. Бұл хоспистің ерекшелігі: пациенттердің ауруын баса қоймай, сонымен қатар оларға психологиялық көмек көрсетіп, өмірдің мәні жайлы әңгімелер жүргізу еді.



Оның тәжірибиесінде өкпе рагімен ауырған пациент болған. Сол пациентпен қалған өмірін ешқандай ауырсынусыз және өзінің қалауынша өмір сүруі туралы қатты ауырсынуды болдырмау, осындай өмірге көндігуге, өмірдің мәнін табуға және өлім туралы әңгімелесті. Осы әңгімелесулер қазіргі хоспистік қозғалыстың негізін қалады. Осы әңгімелесу барысында, пациент өмірінің соңында неге мұқтаж болатындығын Сесилия түсінді және болашақтағы өмірінің барлығын өлім алдындағы адамдарға өмірінің соңғы күндеріндегі жан тыныштығын ұйымдастыратын жүйе құрды.



1965 жылы Сиселия Сондерс Британ империясының орденінің офицері болып тағайындалады

1967-1985 жылдар аралығында хоспис өкілі ретінде және 2000 жылы президенті ретінде есте қалды.

1979 жылы отан адындағы еңбектері үшін Британ империясының орденінің ханым командирі атанады.

1981 жылы Темплтон премиясы,
1989 жылы «Элизавета ханшайым» орденің иегері,
2001 жылы ең үлкен премия Конрад Н.атындағы Гуманитарлы премиясын алды.(700 000 доллар).



Жалпы ауырсыну Сисиелия Сандерс “жалпы ауырсыну” ұғымын қалыптастырып кеткен. Оның құрамына физикалық, эмоциональды, әлеуметтік, рухани ауырсынулар кіреді. Ол осы “жалпы ауырсынумен” күресу қажеттілгі туралы үнемі айтып жүретін. Сандерс “Егер ауырсыну тұрақты болатын болса, одна оны бақылау да тұрақты болу қажет” деп ойлаған. Мысалы, дәрігер пациенттің рухани ауырсынуын жойса, демек ол “жалпы ауырсынуды” да жойып отыр. Бірақ, өзіне қол жұмсауға дейін алып баратын, шыдатпайтын ауырсыну - басты қасірет. Онкологиялық пациентте мұндай ауырсынулар болып жатқанда , рухани ауырсынуын ойлауға да шамасы келмейді.



2002 жылы Сондерс **«CICELI SOUNDERS INTERNATIONAL»** қайырымдылық қорының негізін салушылардың бірі және президенті болды . Қайырымдылық қорының мақсаты - жоғары сапалы паллиативті көмекті барлығына бірдей қолжетімді ету еді



Дейм Сесилия Сандерс 2005 жылы 87 жасында өзі негізі салған хосписте қатерлі ісіктен қайтыс болды.

Оның еңбегі мен идеясы өлім алдындағы пациенттерге көрсетілетін көмекті түп тамырына дейін өзгертті. Біріккен корольдікте және емдеу практикасында өзгерістер енгізілді. Өлім алдындағы пациенттерге көмек көрсетуде көмегін тигізді. Оның идеясы өмір сүреді және бүкіл әлемде қолға алынуда .